



Ақмешіт

22 наурыз
жексенбі
№21 (2232)
2026 жыл

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА, ТОЙ БОЛУШЫ ЕДІ БҰЛ МАҢДА!



Наурыз мерекесін Сыр елінің халқы көтеріңкі көңіл, жарқын жүзбен қарсы алды. «Береке бастауы – өз Наурыз» атты мерекелік іс-шара сол жағалаудағы «Қайсар Арена» стадионы маңында тойланды. Мұнда жиналған жұртшылық амандық-саулық сұрасып, төс қағыстырып, бірін-бірі құттықтап жатты. Олардың жүздерінен шаттық лебі сезіледі. Қыстан аман шығып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы, Ұлыстың ұлы күні – Өз Наурыз мерекесі де жетті.

Бұл күн – дәстүрлі әндер шырылып, ұлттық өнердің тиегі ағытылатын күн. Наурыз – тек күнтізбелік жаңа жылдың бастауы емес, ол – адам мен табиғаттың үйлесімін бейнелейтін ерекше кезең. Қыстың қыспағынан шыққан ел көктемнің шуақты күнін қарсы алып, жаңа үміт, жаңа жоспар құрады. Халық түсінігінде бұл мезет – жақсылықтың бастауы, берекенің артуы, тіршіліктің жаңғыруы. Биылғы наурыз мерекесі жылдағыдан ерекше өтті. «Digital Nauryz» мерекелік іс-

шарасы барысында дрон-тасымалдау технологияларының мүмкіндіктері таныстырылды. Қатысушылар ұшқышсыз аппараттардың нақты уақыттағы жұмысын көріп, олардың жылдамдық, дәлдік және қауіпсіздік артықшылықтарына көз жеткізді. Сонымен қатар қол өнерші 30 әже «1000 құрақ көрпе» көрмесін таныстырды. Сондай-ақ «Бей, айдай» әнін айтып, шашу шашып, қонақтарға тартуларын ұсынды.

2-БЕТТЕ



2025 жылы Жұмысшы мамандықтар жылына орай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр аймақта «Құзыреттілік орталығын» салуды тапсырған болатын. Республикада алғаш рет мұндай нысан Сыр өңірінде ашылды.

2-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖАҢАРҒАН САЯБАҚ



Сыр өңірінің бас шаһары – Қызылорда төрінде айрықша тарихи сәт орын алды. Қала көркіне көрік қосқан, заманауи сәулет өнері мен табиғат үйлесімін тапқан Президент саябағы қайта жаңғыртылып, есігін айқара ашты. Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, аймақ жұртшылығын осынау қуанышты сәтпен құттықтады.

Аймақ басшысы өз сөзінде бұл нысанның тек демалыс орны ғана емес, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының жарқын жемісі екенін атап өтті. Жоба аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау жұмыстары атқарылуда.

2-БЕТТЕ



АТАКӘСІП



СЕҢСЕҢ ТОН, САПТАМА ЕТІК, ТҮЛКІ ТЫМАҚ...

Сеңсең тон, саптама етік, түлкі тымақ, Тазы ертіп аңшы шықты, бүркітін ап. Омбы қар. Қыстау маңы жайбарақат, Қарайды айналаға күн шығынап... Ақын Фариза Оңғарсынованың «Қыр келбеті» өлеңінде қыр қазағының киген киімі осылай суреттеледі. Кейінгі буын өлеңде суреттелген бұл киімнің бірін де білмейді. Қазір аяққа кигеніміз қытайдық ме, түріктікі ме, әлде басқаныкі ме, бәрібір. Қалтаға қонымдысын киіп жүрміз. Ал қазактың саптама етігі қайда? Өлеңге арқау болған саптама етік бар ма өзі?

3-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

ТЕКТІЛІКТІҢ ТАМЫРЫ ЖЕРІК АСТА

немесе қасқырдың
жүрегіне
жерік болған
аналар



Қазақ «тарбие – тал бесіктен» деп бекер айтпаған. Баланы жастайынан жақсы тәлім-тәрбие алса жамандыққа жуымайды. Бұғанасы бекімеген, жақсы-жаманнан хабары жоқ шыбықтай баланы қалай ісек, солай икемделеді. Алайда баланың мінез-құлқы дүниеге келгеннен кейін емес, анасының құрсағында-ақ қалыптасады екен. Ең бірінші, анасынан нәр алатындықтан, оның көңіл-күйі, қуанғаны мен мұңайғаны құрсақтағы балаға әсер етпей қоймайды. Бұл туралы медицина ғылымының докторы А. Н. Хлуновский: «баланың барлық болмыс бітімі ана ағзасымен біте қайнасақ. Сондықтан ананың күнделікті жақсы-жаман әдеттері, жеген тамағы бәрі-бәрі бала бойына сіңеді» деп жазады. Көп жағдайда анасы темекі мен араққа құмар болса, баланың өлі туу ықтималдылығы да артады екен. Мұны қазақ байырғы кезден білген.

3-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ



НАУРЫЗ НӘРІ: бұл тағамда қазақтың болмысы бар

Қазақтың дастархан мәдениетінде дәмін де, дәстүрдің де өзіндік салмағы бар. Соның ішінде Наурыз мейрамы қарсаңында жиі еске алатын, бірақ қадір-қасиеті бөлек тағамның бірі – майсөк пен жент. Бүгінде оны көпшілік тәтті дәм ретінде ғана қабылдауы мүмкін. Ал шын мәніде жент – көшпелі тіршіліктің тәжірибесінен туған, тоқтықтың гана емес, тектіліктің де белгісі болған. Осы ретте біз ұлттық тағамның қадірін жақсы білетін, қазақтың астын мәнін зерделеп жүретін Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылының тұрғыны Айнур Ұзенованың әңгімесіне тартқан едік. Оның айтуынша, женттің қадірі тек дәмінде емес, оның ар жағындағы өмір философиясында.

– Қазақ асты бекер жасамаған. Әр тағамның артында тұрмысқа бейімделген зерде, табиғатқа жақын таным, ұрпақ қамын ойлаған сана жатыр. Майсөк пен жент – соның айқын дәлелі. Бұл бір жағынан қуат беретін ас болса, екінші жағынан, ұқыптылық пен қанағаттың, барды бағалаудың тағамы. Себебі жент – ысырапты сүймейтін, халықтың қолындағы бар дәннен ырыс жасай білгенінің көрінісі, – дейді ол.

3-БЕТТЕ

«ТАЛАП, ЕҢБЕК, ТЕРЕҢ ОЙ»

немесе ұлттық құндылықты
насихаттаудың озық үлгісі



Қазақ халқының даналығы ғасырдан-ғасырға жеткен ұлттық салт-дәстүрі мен жыр-дастандары және ғибратқа толы нақыл сөздері, бағасымен құнды. Дәуір қойнауынан сыр шертетін ғибратты дүниені ұрпақ бойына сіңіріп, келешекке аманаттайтын қасиетті шаңырақ мектеп екені белгілі. Мектеп – ұлт мұрасын ұлықтайтын ұлағат ұясы. Қазақтың інжу-маржаны саналатын құндылықтың өміршеңдігін айғақтап, оқушылардың зердесіне тоқып, кәсіби түрде өнерге баулып, керемет өнер туындысымен, білімді шәкіртімен топ жарып, көшбасшы болып келе жатқан білім ордасының бірі – қаладағы №211 Ахмет Байтұрсынұнов атындағы мектеп.

4-БЕТТЕ

НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА, ТОЙ БОЛУШЫ ЕДІ БҰЛ МАҢДА!



Наурыз тойға қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала тұрғындарына ізгі тілегін жеткізді.

Баршанызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – ежелден халқымыз үшін жанару мен жасампаздықтың белгісіне айналған ырыс пен ынтымақтың мерекесі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Наурыз ұлтна, дініне қарамастан, барша жұртты ұйыстыратын жалпыұлттық мейрам. Бұл мереке халқымызды береке мен бірлікке, ортақ мүддеге жұмылдырады», – деген болатын. Ата-бабаларымыз наурызды ерте заманнан жаңа жылдың бастауы деп санаған. Шуақты көктем мерекесінде күн мен түн теңеліп, бүкіл дүние қайта жаңғырады. Халқымыздың бай мәдениеті мен салт-дәстүрлерінен бастау алатын ізгілік пен мейірімділіктің, татулық пен сыйластықтың, мәңгілік құндылықтардың жарышы. Бұл ұлттымыздың рухани жаңғыруының, ұлттық дәстүріміздің қайта түлеуінің жарқын көрінісі. Биыл еліміз үшін, өңіріміз үшін айрықша мәні бар, тарихи маңызды жыл болуда. Халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басуда. Наурыз мейрамы Сыр еліне толайым жаңалықтармен келді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр бойында өткен Ұлттық құрылтайда «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман тала-

бына сай өсіп-өркендеп жатыр», – деп аймағымыздың барлық саласы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай тұрғын үй кезегінде тұрған жерлестерімізге 400 пәтердің кілті табысталды. Қадірлі жерлестер, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған Наурыз мейрамы тәуелсіз елімізге, туған жерімізге толайым табыстарымен, жақсы жаңалықтарымен келгей. Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың болашағы баянды болғай. Әр шаңыраққа Қыдыр қонып, құт дарысын, – деді облыс әкімі.

Мерекке арналып «Достық ауылы», «Құрылысшылар ауылы», «Құт қонған ауыл», «Ақ пейіл ауылы», «Сушылар ауылы», «Мелиоратор ауылы» деп аталатын киіз үйлер тігілді. Ұлттық спорт сайыстары, колонершілер фестивалі өтті. Қазақтың дәстүрлерінен театрландырылған қойылым қойылды. Аймақ басшысы мен ел ағалары 35 баланың тұсауын кесіп, алғашқы қаламдарына ақ батасын берді.

Наурыз тойына арналған мерекелік іс-шарада эстрада әншілері Наркенже Серікбаева, «Абырой» тобы және Сыр өнерпаздары әннен шашу шашты.

Айтқын АЙТЖАНОВА
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



Басы 1-бетте

ЖАҢАРҒАН САЯБАҚ

Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өтуде.

Бүгінде Сыр өңірінде біртұтас архитектуралық дизайн-код қалыптасып, облыс орталығынан бастап шалғайдағы ауылдарға дейін бірегей сәулеттік талаптарға сай жаңғыруда. Осы бағытта Қызылорда қаласында ауқымды жұмыс атқарылды. Қызылорда қаласында 2 млрд 905 млн теңгеге 83 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталды. Биыл да бұл жұмыс жалғасын тауып, 900 млн теңгеге қосымша 21 тұрғын үй жаңғыртылуда. Өткен жылы 1 млрд 300 млн теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауаларына балалар ойын, спорт алаңдары салынып аба-тандырылды. Облыс орталығында жаңа нысандар бой көтеріп, жасыл желек пен саябақтар

Басы 1-бетте



«Ақмешіт-ақпарат»



ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, тұрғындарды жаңа орталықтың ашылуымен құттықтады.

Мемлекет басшымыздың тапсырмасымен салынған техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған сәулетті, жаңа заманауи «Құзыреттілік орталығын» ел игілігіне табыстаудамыз. Қаламызға көрік беретін жаңа, әсем ғимаратымыз құтты болсын! Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қоғамның түрлі саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Бұл – экономиканы дамыту және инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін қажетті бастама», – деп атап өтті. Өткен жылы Президентіміз



«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өңірлерде «Құзыреттілік орталығын» салуды тапсырған болатын. Елімізде баламасы жоқ, бірегей орталық республика бойынша алғашқы болып аймағымызда бой көтерді. Орталық бизнес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған ортақ алаң болады. Жұмысшы мамандықтар мәртебесін көтеріп, қоғамда еңбек адамдарын танымал етуге, дәрежесін көтеруге, ең үздік қоғамдық және өндірістік дәстүрлерді анықтап мәртебелеуге, жастарды кәсіби еңбекке баулуға бағытталған орталық ел игілігіне қызмет ете берсін! Жұмысшы мамандықтарының бағалануы – бұл елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына оң әсер ететін маңызды қадам. Аймағымызда білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн 159 млрд теңге, биыл 302 млрд 196 млн теңге қаралды. 2022 жылдан бері 43 жаңа заманауи білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді. Баршанызды қаламызға таңғажайып көрік берген, заманауи сәулетімен ерекшеленетін «Құзыреттілік орталығы» ғимаратының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын, – деді аймақ басшысы.

«Құзыреттілік орталығы» заңсыз сымртқа кеткен активтер есебінен салынған. Екі қабатты, 1000 орындық жаңа ғимарат кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының тәжірибе алаңына айналмақ. Еңбек нарығына сай суранысқа ие мамандар осы жерде даярланады. Орталықта инновациялық жобалар көрмесі мен өңір тарихынан сыр шертетін залдар қарастырылған. Мұнда студенттер тек білім алып қоймай, ірі бизнес өкілдерімен тікелей байланыс орнатады.

Басы 1-бетте

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ
Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», қалалық «Ақмешіт апталығы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылым аптасына үш рет: сейсенбі, беісенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 21097 дана. Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылым аптасына үш рет: сейсенбі, беісенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5141 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;
ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrboyi@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).
Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге

TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінен шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылым аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 3875 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: 95 теңге.

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің aqmeshit-apталығы@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 8000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).
Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
TikTok: Video – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).
Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге. Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынылған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/58/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 19 сәуірге тағайындалған Белкөл кенті әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5 – бабының 9-тармағына сәйкес Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы хабарлайды:

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 18, 19, 20 наурыздағы шешімдерімен 2026 жылғы 19 сәуірге тағайындалған сайлауда Белкөл кенті әкіміне төмендегі азаматтар кандидаттар болып тіркелді.

Сәдуақас ХАБИДУЛЛАҒЫ – 1987 жылы туған, ұлты қазақ, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Белкөл кенті әкімінің аппараты» КММ әкімі, Қызылорда қаласында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, «AMANAT» партиясы ұсынған.

Жұсупов Асқар Орманбекович – 1978 жылы туған, ұлты қазақ, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Қосыңырау ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ бас маманы, Қосыңырау ауылдық округінде тұрады. Өзін өзі ұсынған.

Қалыбеков Фазыл Түрмұратович – 1985 жылы туған, ұлты қазақ, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» КММ бас маманы, Тасбөгет кентінде тұрады. Өзін өзі ұсынған.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

«ТАЛАП, ЕҢБЕК, ТЕРЕҢ ОЙ»

немесе ұлттық құндылықты насихаттаудың озық үлгісі

Асық атып, қамшы өріп...

Табалдырықтан аттағаннан қазақтың ою-өрнектерімен безендірілген білім ұясының талантты шәкірттері батырлар жырын жатқа айтып, тіпті ер балалар жылқының ат әбзелдерімен таныстырып, көз алдымызда қамшы өріп, қыздар жағы басқұр тоқып, колөнер туындыларын жасап жатқанын көргенде қазақтың ауылына келіп қалғандай әсерде боласын. Шынында, осындай онегелі де, зерделі ұрпақ барда ұлт өнері өміршең екенін сезіндік. Иә, баланың бойындағы талант көзін ашуда мұғалімнің еңбегі ерен. Ұлттық құндылықты шәкірт бойына терең сіңіруді мақсат еткен мектеп мұғалімдері тек мереке күндері ғана емес, жыл бойы бала санасына әдебиетті, мәдениетті, өнерді насихаттаумен келеді.

– Мектепте ұлттық ойындар мен дәстүрлі білімді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Тоғызқұмақ, бестемше, қоздату, асық ату, бестас ойыны баланың логикалық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, ұлттық дәстүрді терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл үйірмелердің жетекшілері Ақжан Шерғазықызы мен Алтынай Жайшылыққызы балаларға ойынды үйретіп қоймай, ұлттық құндылыққа деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға да үлес қосып келеді.

Сонымен қатар мектепте ұлттық дәстүр мен шығармашылықты біріктіретін бірегей жоба жүзеге асуда. Мәселен, жылқыны тануға арналған арнайы бұрыш жасаған мектеп мұғалімі Азиз Әуезханұлы оқушыларға қазақ тұрмысында жылқының маңызын түсіндіріп, қамшы өрудің қыр-сырын үйретіп, шығармашылық қабілетін дамытуға қолға алып келеді, – дейді мектеп директоры Айжан Алимова.

Мектепте ұлттық дәстүр мен шығармашылықты біріктіретін бірегей жоба жүзеге асуда. Мәселен, жылқыны тануға арналған арнайы бұрыш жасаған мектеп мұғалімі Азиз Әуезханұлы оқушыларға қазақ тұрмысында жылқының маңызын түсіндіріп, қамшы өрудің қыр-сырын үйретіп, шығармашылық қабілетін дамытуға қолға алып келеді.

Телефонға телмірген заманда ұлттық құндылықты ұрпақ бойына сіңірген

Мектеп басшысы айтқандай, білім ордасы ұлттық өнерді дамыту мақсатында бірегей жобамен жүйелі жұмыс істеді. Осы орайда, колөнер мен дәстүрлі өнерді насихаттау бағытында «Іскер ана» үйірмесінің жұмысымен таныстық. Дәрігүл Қабылбайқызы мен Ұлдана Мәлікқызы жетекшілік ететін үйірмеде оқушы қыздар табиғи жүннен моншақтар, бас киім, сөмке жасап, құрақ құрап, ұлттық ою-өрнекпен безендірілген түрлі әшекей бұйым жасауда.

– «Іскер ана» жобасы аясында қыздар тоқыма тоқу, оюдың қыр-сырын менгерумен қатар қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын бойына сіңіруде. Мектепте ұлттық киімдер көрсетілімін ұйымдастырып, ою-өрнекпен безендірілген ұлттық киім топтамасымен таныстыруды дәстүрге айналдырдық. Ылғалды жүннен киімдер, төсеніш, сырмақ, киіз бұйымын жасау, тоқыма жіптен ілмекті бізбен тоқу, кестелеу өнеріне оқушылар қызығады. Қол моторикасын шынықтыруға да әсері мол. Баланың санасын, зердесін оятуға да, шыдамдылығын шыңдауға да колөнердің пайдасы бар. Оқушылардың қолынан шыққан көздің жауын алатын дүниелер көрмелерге қойылады. Сол көріністен бала ынталанып, қабілеті ашылады. Қазіргі телефонға телмірген заманда ұлттық құндылық ұрпақ тәрбиесіне оқ әсерін береді, – дейді үйірме жетекшісі Дәрігүл Қабылбайқызы.

Шығармашылықпен жұмыс істейтін шебер ұстаз Ұлдана Мәлікқызы оқушы қыздардың қолынан шыққан шынайы өнер туындысының орны ерекше екенін айтады.

– Қыздардың ибалы, инабатты, көркем мінезді, талғампаз, ұқыпты болуына көркемөнердің әсері мол. Эстетикалық сұлулыққа баулитын дүниелердің түр-түсіне қарай шебер құрастыру және әшекейді үйлестіру ой ұшқырлығын шыңдайды. Таным көзжіегін кеңейтіп, әдемілікке, тазалыққа шақырады, – дейді ұстаз.

Басы 1-бетте

Жыр жаттаған балалар өсіп келеді

Көркем сөздің көмбесін ақтарып, елге танытуда «Тіл білімі мектебі» жобасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Жыр жаттап өсіп келеміз» атты үйірменің жұмысы әлеуметтік желі арқылы тұрақты насихатталып отырады екен. Бұл үйірмеде оқушылар бастауыш сыныптан бастап-ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін, батырлар жырын, терме-толғауларды жатқа айтуға машықтанғанына куә болдық. 2 сынып оқушылары батырлар жырын мүдірмей айтып, өнерімен таңғалдырды.

Жетекшісі Кенжегүл Далиеваның айтуынша, жыр жаттау оқушылардың тіл байлығын арттырып қана қоймай, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға, сөз өнеріне деген қызығушылығын оятуға үлес қосуда.

– «Тіл білімі мектебі» жобасы аясында ашылған «Айтылым әрекеті» зертханасында жүзеге асып жатқан «Бір кітап – бір тағылым» айдары оқушыға ерекше туындыны ұсынып, талдауып, айтылым дағдысын дамытуға да көздейді. Үйірменің басты мақсаты – оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру, ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сондай-ақ оқыған шығармасы туралы еркін пікір білдіріп, өз ойын жүйелі жеткізе білуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді. Әр кітаптан өмірге қажет бір ой, өнеге, сабақ алып, баланың рухани әлемін байытамыз. Жұмысымыз нәтижесіз емес. Жетекшілігіміздегі 2 сынып оқушылары батырлар жырын жатқа айтып, ұлттық мұраны дәріптеуде белсенділік танытуда. Мектеп кітапханасымен тығыз байланыс орнатқан бүлдіршіндер халқымыздың бай дәстүрі, өнері, мұрасымен сусындаса өз ұлтына, тіліне, көркем әдебиетіне деген құрметі артады деп ойлаймын. Зейіні ашылған бала білімге құштар, белсенді, мейірімді, зерек болады, – дейді ұстаз.

«Іскер ана» – ұлттық тәрбие бесігі

Мектеп директорының айтуынша, «Іскер ана» жобасының пайдалы тұсы – ұлттық құндылықты дәріптейтін аға буынды шақырып, оқушылармен кездестіру. Мұндай жүздесу тұнып тұрған тағылым мен білікті тәжірибе. Әсіресе мектепке колөнердің хас шебері Бақытқұл әже келіп шеберлік сағатын өткізгенде оқушылар қазақтың көнеден келе жатқан асыл мұрасының бірі, қыр кілем тоқуды үйренді. Ол кілем тоқудың шығу тарихы, оның тұрмыстағы маңызы, қолданылатын құрал-жабдығы мен ою-өрнектің терең мағынасы жайлы әсерлі әңгіме өрбітті. Әрбір өрнекте халқымыздың дүниетанымы, салт-дәстүрі мен өмір философиясы жатқанын ерекше атап өтті. Тек тыңдап қана қоймай, оқушылар өздері де іске кірісіп, жіпті тарқатып, өрнек салып, кілем тоқудың қыр-сырын тәжірибе жүзінде көрді. Колөнерге деген қызығушылығы оянып, адал еңбек пен шыдамдылықтың, ұқыптылықтың маңызын сезінді.

– Осындай сәттерде ата мен әже онегесі, ана тәлімі мен мектеп тәрбиесі тоғысып, шынайы тәрбие алаңы қалыптасады. Бұл – ұрпақ пен дәстүр арасындағы алтын көпір. Мұндай мазмұнды кездесулер жас буынның рухани әлемін байытып, ұлттық мәдениетке құрметін арттырып, еңбеккер, өнерлі, жауапты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. «Іскер ана» тек жоба емес, бұл – ұлттық тәрбие мен отбасы құндылығын дәріптейтін орта, ұрпаққа аманат болар игі бастама, – дейді мектеп басшысы.

Расында, оқушылар жыл бойы үйірмелерге қатысу арқылы ұлттық өнер мен дәстүрге деген қызығушылығын арттырып, Наурыз мерекесіндегі ғана емес әрбір іс-шараға белсенді қатысып, дәстүрлі құндылықты, сахналық қойылымдар мен көрмелер арқылы көрсетеді. Мектептегі бұл жобалар тек қағаз жүзіндегі бағдарлама емес, нақты өмірге жүзеге асып, балалар бойына ұлттық құндылықты сіңіретін игі бастама екенін түсіндірді. Ұрпаққа ұлттық дәстүрді дәріптеу, салт-сананы бойына сіңіру, колөнер мен ұлттық ойын арқылы мәдени мұраны таныту – мектептің басты мақсатына айналған. Осы игі бастамалар арқылы жас ұрпақ тек білім алып қана қоймай, ұлттық құндылыққа деген сүйіспеншілікке, шығармашылыққа, ынтымақ пен бірлікке үйренеді. Бұл бағыттағы жұмыстар оқушыларға ұлттық тәрбиенің мәнін терең түсінуге, өз тарихын сыйлауға, ата-бабадан қалған асыл мұраны қадірлеуге мүмкіндік береді. Ұлттық өнер мен дәстүр – ұрпаққа аманат, мектептегі әрбір іс-шара – сол аманатты келер ұрпаққа жеткізу жолындағы маңызды қадам. Ұлттық ұлықты перзенті Ахмет Байтұрсынұлов атындағы №211 мектеп мұғалімдері ұрпақ алдындағы ұлттық аманатын арқалап жүргені қуантады.

Ата мен әже онегесі, ана тәлімі мен мектеп тәрбиесі тоғысып, шынайы тәрбие алаңы қалыптасады. Бұл – ұрпақ пен дәстүр арасындағы алтын көпір. Мұндай мазмұнды кездесулер жас буынның рухани әлемін байытып, ұлттық мәдениетке құрметін арттырып, еңбеккер, өнерлі, жауапты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. «Іскер ана» тек жоба емес, бұл – ұлттық тәрбие мен отбасы құндылығын дәріптейтін орта, ұрпаққа аманат болар игі бастама.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Газеттің келесі саны 28 наурыз, сенбі күні шығады.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан ӘЙІМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3875 Тапсырыс №481

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА